

АНЫҚТАМА

О. Шораяқұлы атындағы №30 орта мектебі

2025–2026 оқу жылы

Педагог-ассистент: Жоламанова Айгерим

Сыныбы: 1 «А»

Оқушы: Сайлаубек Нұрмұхамед

Жылдық жұмыс бағыттары мен тақырыптары бойынша 1-тоқсанға анықтама

2025–2026 оқу жылы барысында педагог-ассистент Абдикасова Гүлжазира ерекше білім беруді қажет ететін (аутизм спектрінің бұзылысы бар) оқушы Сайлаубек Нұрмұхамедпен және 1 «А» сынып оқушыларымен бірлесе отырып жүйелі түрде түзете-дамыту, сергіту және танымдық жұмыстар жүргізді.

Жұмыстар оқу-тәрбие үдерісін қолдауға, оқушының әлеуметтік бейімделуін, коммуникативтік және эмоциялық дағдыларын дамытуға, сонымен қатар өзін-өзі реттеу мен дербес әрекет ету қабілетін қалыптастыруға бағытталды.

Бейімделу және танысу кезеңі.

Мақсаты: Оқушының мектеп ортасына бейімделуін жеңілдету, мұғаліммен және сыныптастарымен таныстыру, оқу тәртібін түсіндіру, күн тәртібі мен сынып ережелерін меңгерту.

Жүргізілген жұмыс түрлері:

- Танысу және жаңа ортаға бейімделу;
- Мектеп ережелерімен таныстыру;
- Оқу құралдарын дұрыс пайдалану дағдысын қалыптастыру;
- Эмоциялық жай-күйді бақылау, бейімделу деңгейін анықтау.

Нәтиже: Сайлаубек Нұрмұхамед мектеп ортасына біртіндеп үйреніп, мұғаліммен және кейбір сыныптастарымен байланыс орната бастады. Сыныптағы тапсырмаларды орындауға қызығушылық танытып, өзін жайлы сезіне бастады.

Қазан айы — Танымдық және зейін процестерін дамыту айы.

Мақсаты: Аутизм диагнозы бар оқушының қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау дағдысын жетілдіру, мұғалім мен сыныптастармен өзара әрекеттесуін қолдау, есте сақтау, зейін тұрақтылығын көзқарас арқылы байланыс орнату, қарапайым оқу тапсырмаларын орындату.

Жүргізілген жұмыс түрлері:

- Жеке және жұптық сөйлесу жаттығулары;
- Сурет карточкалары арқылы қарым-қатынас орнату;
- Сөйлеуді ынталандыратын ойындар мен жағдаяттық тапсырмалар;
- «Менің көңіл күйім», «Менің отбасым» тақырыбында әңгімелесу.

Нәтиже: Сайлаубек Нұрмұхамед алғашқы оқу әрекетіне қатысып әріптерді қайталады, сұрақтарға жауап беруге талпынып, ым-ишара мен көзқарас арқылы өз ойын білдіруде оң өзгерістер байқалды. Сөйлеу белсенділігі артып, есте сақтауы, зейін тұрақтана бастады.

